

**«Қазақстан Республикасының халқына медициналық оңалту көрсетуді
ұйымдастыру стандартын бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2013 жылғы 27
желтоқсандағы № 759 бұйрығы**

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабының 1-тармағының б) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1117 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері туралы ереженің 16-тармағының 16) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының халқына медициналық оңалту көрсетуді ұйымдастыру стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті (А.Ғ. Төлеғалиева):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаменті (Д.Е. Асайынова) оны мемлекеттік тіркеуден кейін осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Е.Ә. Байжүнісовке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

С. Қайырбекова

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2013 жылғы 27 желтоқсандағы
№ 759 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасының халқына медициналық оңалту көрсетуді ұйымдастыру стандарты

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының халқына медициналық оңалту көрсетуді ұйымдастыру стандарты (бұдан әрі - Стандарт) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1117 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 16) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Осы Стандарт амбулаториялық-емханалық және стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында, сондай-ақ меншік нысаны мен ведомстволық тиістілігіне қарамастан санаторийлік-курорттық ұйымдарда пациенттерге медициналық оңалту (бұдан әрі - МО) көрсету талаптары мен тәртібін белгілейді.

3. Халыққа МО көрсететін медициналық ұйымдардың штаттары «Денсаулық сақтау ұйымдарының үлгі штаттары мен штат нормативтерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 238 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 6173 тіркелген) штаттық нормативтерге сәйкес белгіленеді.

4. МО көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жабдықтаудың ең төменгі тізбесі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 27 қазандағы № 850 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын медициналық техникамен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен жарақтандырудың ең төменгі стандарттарына (нормативтеріне) сәйкес белгіленеді.

5. МО көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығына (бұдан әрі - ҚР ДСМ № 907 бұйрығы) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 21 желтоқсанда № 6697 тіркелген) сәйкес бастапқы медициналық құжаттаманы жүргізуді қамтамасыз етеді.

6. Осы Стандартта пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:

1) медициналық оңалту - науқастардың және мүгедектер организмнің бұзылған және (немесе) жойылған функцияларын сақтауға, ішінара немесе толық қалпына келтіруге бағытталған медициналық қызметтердің кешені;

2) «Медициналық оңалту, қалпына келтіру емі (физиотерапия, емдік дене шынықтыру, курортология) (ересектерге, балаларға арналған)» мамандығы бойынша дәрігер - аурудың негізгі клиникалық бейіні бойынша құралдарды қолдану және физикалық оңалту әдістері бойынша арнаулы білімі және даярлығы бар дәрігер;

3) Мультидәрігерлік команда - (бұдан әрі - МТК) медициналық ұйымдардың басшылары МО барлық кезеңдерінде құратын үйлестіруші дәрігердің басшылығымен медициналық оңалту және кешенді оңалту көрсететін әртүрлі мамандардың тобы;

4) бейін бойынша үйлестіруші дәрігер (бұдан әрі үйлестіруші-дәрігер) - МТК үйлестіру жұмыстары мен медициналық оңалту мәселелері бойынша оқудан өткен көрсетілетін медициналық көмектің бейіні бойынша маман (кардиолог, невропатолог, ортопед-травматолог);

5) биоәлеуметтік функциялар (бұдан әрі - БӘФ) - бұл тіршілік әрекеті мен денсаулық шектеулері жұмыс істеуінің халықаралық жіктелуіне сәйкес индекстер бойынша анықталатын, өзіне қызмет көрсетуге, кеңістікке бейімделуі және уақытқа, қозғалысқа, сезінуге, сексуальдық қызметке, экономикалық және әлеуметтік тәуелсіздікке, еңбек және шығармашылық қызметке қабілеттілігі.

6) инновациялық медициналық технология - денсаулық сақтау саласында медицина (биомедицина), фармацевтика және ақпараттандыру саласын енгізілуі экономикалық тиімді және (немесе) әлеуметтік маңызды болып табылатын ғылыми және ғылыми - техникалық қызметтер әдістерінің және құралдарының жиынтығы;

7) денсаулық сақтауды дамыту мәселелері жөніндегі сараптама комиссиясы - денсаулық сақтауды стратегиялық дамыту, медициналық көмекті, медициналық және фармацевтикалық ғылым және білім беруді ұйымдастыру, медициналық және фармацевтикалық қызметтің сапасы, медициналық қызметке ақы төлеу, денсаулық сақтауды қаржыландыру мәселелері бойынша сараптама жұмыстарын ұйымдастыруды және өткізуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен құрылған консультативтік-кеңес органы (бұдан әрі - Сараптама комиссиясы);

8) оңалту диагнозы - туындаған зақымдануды сипаттауды және осы бұзушылықтың салдарынан болған тұрмыстық және кәсіби дағдыны және БӘФ қамтитын аурудың (жарақаттың) функциональдық салдарын бағалау өлшемін көрсететін диагноз;

9) оңалту әлеуеті - БӘФ, сонымен қатар әлеуметтік-қоршаған орта факторларын есепке ала отырып, оңалтудың айқындалған мақсатына жетудің белгілі бір уақыт аралығында клиникалық негізделген мүмкіндігі;

10) оңалту мақсаты - жоспарлы, өзіндік, өлшеулі, нақты қол жеткізілген, уақытпен белгіленген жүргізілген оңалту шараларының нәтижесі;

11) оңалту болжамы - оңалту әлеуетін іске асыру бойынша өткізілген оңалту іс-шараларынан кейінгі күтілетін нәтиже;

12) жеке оңалту бағдарламасы - науқастарға және мүгедектерге өткізілетін оңалтудың нақты көлемін, түрін және мерзімін анықтайтын құжат;

13) оңалту картасы - зерттеу жүргізілген, оңалту емінің нәтижесі көрсетілген науқастың объективті жағдайы туралы деректер жазылған (ҚР ДСМ № 907 бұйрығымен бекітілген 107-е нысаны) бастапқы медициналық құжаттаманың нысаны;

14) халықаралық өлшемдер (индекстер, шкалалар, тестер) - МО көлемін, тактикасын, кезеңділігін анықтайтын адамның оңалту әлеуетін, БӘФ бұзушылық дәрежесін бағалауға мүмкіндік беретін МО құралдар;

15) әлеуметтік қызметкер - денсаулық сақтау саласында арнайы әлеуметтік қызмет көрсететін және (немесе) арнайы әлеуметтік қызметте қажеттілікті бағалауды және анықтауды жүзеге асыратын, белгіленген талаптарға сәйкес қажетті біліктілігі бар қызметкер;

16) Емдеуге жатқызу бюро порталы (бұдан әрі - Портал) - тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде стационарға жоспарлы емдеуге жатқызуға пациенттерді бағыттауды электронды тіркеу, есепке алу, өңдеу және сақтаудың бірыңғай жүйесі.

2. Қазақстан Республикасының халқына медициналық оңалту көрсететін ұйымдардың қызметтерінің құрылымы және негізгі бағыттары

7. МО көрсететін медициналық ұйымдарға:

1) республикалық, облыстық, қалалық оңалту орталықтары (бұдан әрі - ОО);

2) көпбейінді стационарлардың МО бөлімшелері (төсектік) (облыстық, қалалық ауруханалар, орталық аудандық ауруханалар (бұдан әрі - ОАА), ауданаралық ауруханалар (бұдан әрі - ААА) және ауылдық аурухана (бұдан әрі - АА);

3) амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың МО бөлімшелері (кабинет);

4) санаторийлер жатады.

8. МО-ның мақсаттары денсаулықты, еңбекке қабілеттілікті, тұлғалық және әлеуметтік мәртебені қалпына келтіру, қоғам өмірінің қалыпты жағдайында интеграция, реинтеграцияның материалдық және әлеуметтік тәуелділігіне қол жеткізу болып табылады.

9. МО негізгі қағидаттары:

ерте бастау;

кезеңі;

үздіксіздігі;

үйлестігі;

жеке және мультитәртіптік тәсілі;

қолжетімділігі;

ұқсастығы;

оңалту іс-шараларын өткізудегі нақты қалыптастырылған мақсатқа бағдары.

10. Қойылған мақсатқа сәйкес МО ұйымдастыру мынадай міндеттерді шешуге бағытталған:

- 1) МО мәселелері бойынша заңнамалық және өзге нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру;
- 2) оңалтуды өткізу үшін, оны қайта бейімдеу жолымен қолдағы бар төсек қорын оңтайлы пайдалану;
- 3) жарактандырудың ең төменгі стандарттарына сәйкес ұйымның материалдық-техникалық жағдайын жақсарту;
- 4) МО көрсететін мамандар үшін кәсіби білім беру бағдарламасын әзірлеу;
- 5) халықаралық талаптарға сәйкес оңалту бойынша кадрларды даярлау және клиникалық хаттамаларды әзірлеу;
- 6) практикада МО инновациялық, тиімді әдістерін енгізу.

3. Мультидәрігерлік команданың қызметі

11. Пациенттерге МО бойынша көмек көрсету барлық кезеңдерде медициналық оңалту бойынша даярлаудан өткен МТК-ның қатысуымен өткізіледі.

12. МТК міндеттері:

1) халықаралық өлшемдерге сәйкес пациенттің түскен кезде, динамикада және шығар алдында БӘФ бұзушылығы мен ауырлық жағдайының дәрежесін өткізу мен бағалау;

2) оңалту диагнозын, оңалту әлеуетін және болжамын анықтау;

3) МО өткізу үшін көлемін, кезеңін және медициналық ұйымды анықтау.

13. МТК қызметі:

1) пациенттің МО мақсаты мен міндетін оларды қайта бағалаумен анықтау;

2) жекеленген оңалту бағдарламасын қалыптастыру;

3) оңалту іс-шараларының кешенін өткізу;

4) клиникалық-инструменталдық және зертханалық зерттеулердің мәліметтеріне бағалау өткізу;

5) оңалту іс-шаралары кешенінің тиімділігін бағалау;

6) одан әрі оңалту бойынша ұсыныстарды қалыптастыру;

7) үй жағдайында пациент пен оның отбасын күтім және оңалту шаралары бойынша оқыту;

8) стационарлық немесе амбулаториялық науқастың медициналық (оңалту) картасына қорытынды мен ұсыныс әзірлеу;

9) пациентті бейінді медициналық ұйымға бағыттауды жүзеге асыру.

14. МТК-ны медициналық оңалту мәселелері бойынша оқытудан өткен, МТК-ның үйлестіруші және жетекші дәрігер болып табылатын үйлестіруші-дәрігер басқарады.

15. МТК құрамына медициналық оңалту мәселелері бойынша оқытудан өткен мынадай мамандар кіреді:

үйлестіруші дәрігер;

оңалту дәрігері («медициналық оңалту, қалпына келтіру емі (физиотерапия, емдік денешынықтыру, курортология)» (ересек, балалар мамандығы бойынша жоғары медициналық білімі бар);

психология саласының маманы («психиатрия (наркология, медициналық психология)» немесе жоғары медициналық емес (педагогикалық) «психология» мамандығы бойынша білімі бар));

емдеу мәдениеті бойынша нұсқаушы-маман (жоғары медициналық, медициналық емес (педагогикалық) білімі бар);

емдеу мәдениеті бойынша нұсқаушы-маман емдік денешынықтыру кабинетінің мейіргері, (орта медициналық және медициналық емес (педагогикалық) білімі бар);

еңбек терапиясы бойынша нұсқаушы-маман (жоғары медициналық емес (педагогикалық) білімі бар);

еңбек терапиясы бойынша нұсқаушы маман (орта медициналық және медициналық емес (педагогикалық) білімі бар);

физиотерапия кабинетінің мейіргері;

күтім жасайтын мейіргер;

элеуметтік қызметкер.

16. Көрсетімдер бойынша МТК құрамына мыналар қатысады:

«дәстүрлі терапия (рефлексотерапия, мануальді терапия, су-джок-терапия, гомеопатия, гирудотерапия, фитотерапия және басқа)» бейіні бойынша жоғары медициналық білім бар маман;

«функционалдық диагностика» бейіні бойынша жоғары медициналық білімі бар маман;

«оториноларингология (сурдология) (ересек, балалар)», «офтальмология (ересек, балалар)», «терапия (диетология)», «психиатрия (наркология, медициналық психология) (ересек, балалар) бейіні бойынша жоғары білімі бар маман;

массаж кабинетінің мейіргері

жоғары педагогикалық білімі бар мамандар: логопед, дефектолог- мұғалім, сурдолог-мұғалім, тифло-педагог, тәрбиеші, балаларға арналған мұғалім (педагог), элеуметтік педагог, музыка мұғалімі;

ортезист-маман жоғары немесе орта медициналық немесе медициналық емес білімі бар.

17. МТК пациенттің жағдайының ауырлық деңгейін және БЭФ бұзылушылығын бағалау үшін аурулардың мынадай бейіндерінде халықаралық критерийлерді қолданады:

1) «неврология және нейрохирургия» бейінін: Бартела (Barthel) индексін, Mini Mental test, ASIA шкаласын;

1 жасқа дейінгі балалар үшін - Прехтла (Prechtl) шкаласын;

4 жасқа дейінгі нервтік-психикалық даму шкаласы, модифицирленген Бартел (Barthel) шкаласы;

4 жастан үлкен - WeeFim шкаласы;

балалардың церебральды сал ауруымен ауыратын балалар үшін (бұдан әрі - БЦС) қосымша: Ашфорта (Ashworth) спастикалық шкаласы GMFCS, GMFM шкаласы, MACs қолдың функционалданған шкаласы;

2) «травматология және ортопедия» бейіні: Бартел (Barthel), MRC scale, Карновский, гониометрия индекстері;

1 жасқа дейінгі балалар үшін: MRC scale, Карновский, гониометрия индекстері;

3) «кардиология және кардиохирургия» бейіні: Нью-Йорк жүрек қауымдастығы (NYHA) жіктемесі бойынша функционалдық кластарға (бұдан әрі - ФК) сәйкес жүрек функциясының жетіспеушілігі (бұдан әрі - ЖФЖ) деңгейі, Lown индексі бойынша жүрек соғысының өмірге қауіпті бұзылушылығын бағалау.

4. Медициналық оңалтуды ұсынудың көлемдері және кезеңдері

18. Ересектер мен балаларға барлық кезеңде МО көрсету Сараптама комиссиясы мақұлдаған, диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамаларына, оңалту бойынша клиникалық хаттамаларға сәйкес пациенттерге ұсынылатын МО көлемінде жүзеге асырылады.

19. МО көлемі төмендегідей бөлінеді:

1) I оңалту - бұл Сараптама комиссиясы мақұлдаған, диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес реанимация және қарқынды терапия немесе мамандандырылған бейінді бөлімшелерде ұсынылатын емдеу-диагностикалау және жекелей оңалту қызметтерінің көлемі;

2) II А оңалту - бұл Сараптама комиссиясы мақұлдаған, оңалту бойынша клиникалық хаттамаларға сәйкес, халықаралық өлшемдерге сәйкес көп бейінді стационарлардың МО бөлімшелерінде, санаторийлерде БӘФ бұзылушылығы бар пациенттеріне ұсынылатын оңалту қызметтерінің көлемі;

3) II Б оңалту- бұл Сараптама комиссиясы мақұлдаған, оңалту бойынша клиникалық хаттамаға сәйкес, халықаралық өлшемдерге сәйкес, ОО, көпбейінді стационарлардың МО бөлімшелерінде, санаторийлерде БӘФ ауыр бұзылушылығы бар пациенттерге ұсынылатын оңалту қызметтерінің көлемі;

4) амбулаториялық I оңалту - бұл Сараптама комиссиясы мақұлдаған, диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес БӘФ пациенттеріне ұсынылатын емдеу-диагностикалау және жеке оңалту қызметтерінің көлемі;

5) амбулаторлық II оңалту - бұл Сараптама комиссиясы мақұлдаған, оңалту бойынша клиникалық хаттамаға сәйкес, халықаралық өлшемдерге сәйкес АЕҰ, ОАА, ААА, АА, ОО-ның күндізгі стационарларында МО БӘФ ауыр бұзушылықтары бар пациенттерге ұсынылатын оңалту қызметтерінің көлемі;

6) Қолдаушы оңалту (мүгедектер және балалар үшін) - бұл Сараптама комиссиясы мақұлдаған, оңалту бойынша клиникалық хаттамаларға сәйкес, халықаралық өлшемдерге сәйкес АЕҰ, АОА, ААА, АА, ОО-ның күндізгі стационарларында, үй стационарында және санаторийлерде БӘФ бұзушылығы бар пациенттерге ұсынылатын оңалту қызметтерінің көлемі;

7) қайта оңалту (балалар үшін) - бұл Сараптама комиссиясы мақұлдаған, оңалту хаттамаларға сәйкес, халықаралық өлшемдерге сәйкес ОО, МО бөлімшелерінде, санаторийлерде БӘФ бұзушылығы бар пациенттерге ұсынылатын оңалту қызметтерінің көлемі;

20. ересектерге және балаларға арналған МО үш негізгі және екі қосымша кезеңді (қолдаушы оңалту - мүгедектер мен балаларға, қайта оңалту - балаларға арналған) қамтиды.

Негізгі кезеңдер:

1) бірінші кезең (ерте) - стационарлық жағдайда (реанимация және қарқынды терапия немесе мамандандырылған бейінді бөлімше) аурудың жіті және асқынған кезеңінде немесе жарақаттануда алғашқы 12-48 сағат ішінде қарсы көрсетілімдер болмаған жағдайда, сондай-ақ амбулаториялық жағдайда аурудың жіті және асқынған кезеңінде немесе жарақаттануда МО көрсету.

Стационарлық жағдайдың бірінші кезеңінде МО бойынша іс-шаралар көрсетілетін көмек бейіні бойынша дәрігерлердің өзара қарым-қатынасы негізінде көрсетілім мен қарсы көрсетілімдерді ескере отырып, МТК мамандары бар бөлімшелердің реаниматолог дәрігерлері және «I оңалту» көлемінде МО бойынша үйлестіруші дәрігердің жеке қызметтердің тағайындауымен көрсетіледі.

МО МТК мамандары тікелей науқастың төсегінде мобильдік жабдықтарды пайдаланумен немесе стационарлардың МО бөлімшелерінде (кабинеттерде) ұсынылады.

Пациенттің бірінші кезеңде болуы халықаралық өлшемдерге сәйкес және БӘФ бұзушылығы бар пациенттің ауырлық жағдайын бағалаумен және үйлестіруші дәрігердің МО өткізу үшін кезеңді, көлемін және медициналық ұйымды тағайындауымен аяқталады.

Амбулаториялық жағдайда (үшінші кезеңде) АЕҰ-ға пациент аурудың немесе жарақаттың жіті және асқынған кезеңінде өзінің қаралуы кезінде жалпы практика дәрігері (учаскелік терапевт, педиатр) бейінді мамандармен өзара іс-әрекет кезінде және көрсетілім және қарсы көрсетілімді ескере отырып МТК мамандарымен диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамалары сәйкес «I амбулаториялық оңалту» көлемінде МО бойынша жеке қызметтерді тағайындайды. «I амбулаториялық оңалту» емдік дене шынықтыру бөлімшелерінде (кабинеттері), физиотерапия (кабинеттері), психолог және басқа кабинеттердің МТК мамандары жүзеге асырады.

2) екінші кезең (жалғастырушы) - ерте қалпына келтіру кезеңі ішінде немесе жарақаттануда МО көрсетуді нозологияға, пациенттің ауырлық жағдайына, халықаралық өлшемдерге сәйкес БӘФ бұзылушылығына байланысты және «II А оңалту» немесе «II Б оңалту» көлемінде және көпбейінді стационарлардың МО бөлімшелерінде, ОО, санаторийлерде МТК өткізеді.

3) үшінші кезең (кейінгі) - аурудың кейінгі қалпына келтіру кезеңі ішінде МО көрсету нозологияға, пациенттің ауырлық жағдайына, халықаралық өлшемдерге сәйкес БӘФ бұзылушылығына байланысты жүзеге асырылады және «II амбулаториялық оңалту» көлемінде АЕҰ-да МТК өткізеді.

«амбулаториялық ІІ оңалту» БӘФ бұзылушылықтары сақталған кезде «амбулаториялық І оңалту» көлемінен кейін пациенттерге тағайындалады.

Жекелеген жағдайларда, «амбулаториялық ІІ оңалту» БӘФ бұзылушылықтары сақталған кезде жалғастыруды қажет етпейтін бірінші кезеңнен кейін, сондай-ақ қатар жоғалтылған БӘФ ерте қалпына келтіру жағдайында (диагностикалау және емдеудің клиникалық хаттамаларында қарастырылған ерте мерзім) тағайындалады.

Қосымша кезеңдер:

1) қолдаушы оңалту - аурудың резуальды кезеңінде МО екінші және үшінші кезеңдерін аяқтаған БӘФ тұрақты бұзылушылығы бар мүгедектерге және балаларға халықаралық критерийге сәйкес жүзеге асырылады.

Қолдаушы оңалтуды жылына бір рет МТК мамандары «Қолдаушы оңалту» көлемінде МО тағайындаумен амбулаториялық жағдайларда жүзеге асырылады.

Өз беттерінше қозғала алмайтын, бірақ қалпына келтіру болашағы бар немесе функциясын компенсациялауға болатын, зерттеудің нақты әдістері расталған пациенттерге, МО үй жағдайында АЕҰ-ның МДҚ мамандары жүзеге асырады (көшпелі нысаны);

2) қайта оңалту - «Қайта оңалту» көлемінде жағдайының ауырлығына және халықаралық критерийлерге сәйкес, БӘФ бұзылушылығына байланысты, тек балаларға ғана жүзеге асырылады және жылына бір рет МТК өткізіледі.

21. БӘФ бұзылушылығы айқындалған және оңалту әлеуеті болмаған пациенттер МО бірінші кезеңінен бастап паллиативтік көмек көрсететін медициналық ұйымдарға жіберіледі немесе тұрғылықты мекенжайы бойынша дәрігердің бақылауында үйге шығарылады.

22. Паллиативтік көмек алатын пациенттерде оңалту әлеуетінің туындауы жағдайында үйлестіруші дәрігер халықаралық өлшемдерге сәйкес пациентті халықаралық критерийлерге сәйкес МО үшінші немесе екінші кезеңіне жіберіледі.

5. Қазақстан Республикасының халқына медициналық оңалту көрсетуді ұйымдастыру

23. Стационарлық кезеңде МО бойынша көмек көрсету үшін пациенттерді іріктеуді МТК үйлестіруші-дәрігері жүзеге асырады.

24. Стационарлық деңгейде МО-ға пациенттерді іріктеу кезінде үйлестіруші дәрігер бөлімше меңгерушісінің қолы қойылған стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірмені (ҚР ДСМ № 907 бұйрығымен бекітілген № 027/е нысаны) толтырады.

25. Амбулаториялық кезеңде МО бойынша көмек көрсету үшін пациенттерді іріктеуді жалпы практика дәрігері (учаскелік терапевт дәрігері (педиатр)) немесе МТК үйлестіруші-дәрігері жүзеге асырады.

26. «І амбулаториялық оңалту» көлемінде МО алған пациенттерде БӘФ бұзылушылығы сақталған жағдайда, амбулаториялық кезеңде жалпы практика

дәрігері (учаскелік терапевт дәрігері (педиатр)) МО келесі көлемін анықтау бойынша мәселелерін шешу үшін МТК құжаттарды жібереді.

МТК үйлестіруші-дәрігері бейінді бөлімшенің бөлімше меңгерушісімен бірлесе отырып, шешім шығарады, ол амбулаториялық пациенттің медициналық картасында (ҚР ДСМ № 907 бұйрығымен бекітілген № 025/е нысаны) немесе баланың даму картасында (ҚР ДСМ № 907 бұйрығымен бекітілген № 026/е нысаны) белгіленеді.

Пациентті санаторийге бағыттау кезінде МТК үйлестіруші-дәрігері (жалпы практика дәрігері (учаскелік терапевт дәрігер (педиатр)) бөлімше меңгерушісі қол қойған өкілетті органмен бекітілген санаторийлік-курорттық картаны (№ 072/е нысаны) толтырады.

27. Бір медициналық ұйым ішінде МО-ның екінші кезеңін өткізу үшін порталда тіркеусіз пациент МО бөлімшесін (төсек) ауыстырылады және бір емделген жағдай болып есептеледі. МО бөлімшесі (төсек) болмаған жағдайда пациентті бөлімшеде (төсек) МО бар басқа ұйымға ауыстыру Портал арқылы жүзеге асырылады. Пациентті МО бейімді бөлімшесіне ауыстыру қабылдаушы ұйымның МТК үйлестіруші дәрігерімен алдын ала келісу арқылы бағыттаушы ұйымның үйлестіруші-дәрігері жүзеге асырады.

28. МО аяқталған кезде стационарлық немесе амбулаториялық науқастың медициналық картасының көшірмесін пациенттің қолына береді, онда толық клиникалық диагноз, халықаралық өлшемдерге сәйкес оңалту әлеуеті, оңалту шараларының өткізілген көлемі және олардың тиімділігі, қоғамда пациентті біріктіру болжамы, одан әрі МО өткізуге ұсыныстар көрсетіледі. Стационарлық пациенттің көшірмесінің екінші данасы пациенттің тұрғылықты мекенжайындағы амбулаториялық-емханалық ұйымға (бұдан әрі - АЕҰ) жіберіледі.

29. МО өткізу үшін жалпы қарсы көрсетілімдер болып табылатындар:

- 1) әртүрлі жағдайда жиі қайталанатын немесе көп қан ету, 80г/л төмен гемоглобин деңгейімен айқындалған анемия;
- 2) әртүрлі этиологиядағы генерализацияланған жиі құрысулар;
- 3) жіті инфекциялық аурулар;
- 4) туберкулездің барлық активті кезеңнің белсенді кезеңі (А 15.0-1; А 15.5; А 15.7-9);
- 5) қатерлі ісіктер (III-IV сатысы);
- 6) тыныс алу функциясының жетіспеушілігі III дәрежесі (пульмонологиялық оңалту бөлімшесін қоспағанда);
- 7) белгісіз жағдайда фебрильді қызба немесе субфебрильді қызба;
- 8) күрделі ілеспелі аурулардың болуы;
- 9) декомпенсация сатысындағы, әсіресе, қалпына келтірілмейтін метаболизмдік аурулар (қант диабеті, микседема, тиреотоксикоз және т.б.), бауырдың функциональдық жеткіліксіздігі, III дәрежедегі ұйқыбезінің аурулары;
- 10) жыныстық жолмен берілетін аурулар (сифилис, гонорея, трихомоноз және т.б.);
- 11) терінің іріңді аурулары, жұқпалы тері аурулары (қышыма, саңырауқұлақтық аурулар және т.б.);

12) десоциализацияланған тұлғадағы психологиялық аурулар (F 00; F 02; F 03; F 05; F 10-F 29; F 60; F 63; F 65; F 72-F 73);

13) НҮНА жіктемесі бойынша IV ФК сәйкес жүрек соғысының асқынған бұзылушылығы, ЖК;

14) интоксикация кезінде әртүрлі іріңді (өкпе) аурулары (J 85; J 86);

15) кез келген жерге орналасқан эхинококк және басқа паразиттер (B 67);

16) жіті остеомиелит;

17) тамырдың жіті тромбоз;

18) оңалту бағдарламасына күніне 2-3 сағат бойы белсенді қатысатын өзге де ілеспелі ауруларды болуы.

6. Қазақстан Республикасының ересек халқына «кардиология және кардиохирургия», «травматология және ортопедия», «неврология және нейрохирургия» бейіндері бойынша медициналық оңалту көрсетуді ұйымдастыру

30. МО көрсетуді ұйымдастыру негізгі үш кезеңнен құралады, бірінші қосымша кезең - «Қолдаушы оңалту» тұрақты еңбекке қабілетсіз адамдар үшін (мүгедектер) және халықаралық өлшемдерге сәйкес жүргізіледі.

31. Стационарда бірінші кезеңінде аурудың жіті және асқынған ағымында МО «I оңалту» көлемінде диагностикалау және емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес жүргізіледі.

32. МО екінші кезеңі стационарда «II А оңалту» немесе «II Б оңалту» көлемінде, Сараптама комиссиясы мақұлдаған оңалту бойынша клиникалық хаттамаларға сәйкес бірінші кезеңнен кейін жүргізіледі.

«II А оңалту» осы Стандартқа 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес «кардиология және кардиохирургия», «травматология және ортопедия», «неврология және нейрохирургия» бейіндері бойынша тағайындалады.

«II Б оңалту» осы Стандартқа 4-қосымшаға сәйкес, халықаралық өлшемдерге сәйкес БӘФ ауыр бұзылыстары бар науқастарға «неврология және нейрохирургия» бейіндері бойынша (неврологиялық және нейрохирургиялық аурулар ағымының ерекшеліктерін ескере отырып) тағайындалады.

Екінші кезеңде МО жалғастыруды қажет етпейтін және БӘФ ерте қалпына келген жағдайда, үйлестіруші-дәрігер халықаралық өлшемдерге сәйкес МО-ның келесі кезеңін белгілейді.

33. МО үшінші кезеңінде пациенттерге амбулаторлық жағдайда пациенттің ауырлығының дәрежесіне және БӘФ бұзылушылығына сәйкес кеш оңалту кезеңінде жүзеге асырылады.

Егер пациент өз еркімен АЕҰ-ға жіті (асқынған созылмалы) ауру немесе жарақат жағдайында қаралса, жалпы практика дәрігері (учаскелік дәрігер терапевт (педиатр)) медициналық көрсетілімдер болғанда «I амбулаториялық оңалту» көлемінде МО бойынша жеке қызметтерді тағайындайды. Егер БӘФ бұзылушылығы сақталған жағдайда, жалпы практика дәрігері (учаскелік дәрігер

терапевт (педиатр)) пациентті үйлестіруші дәрігерге бағыттайды, ол МТК мамандарымен БӘФ халықаралық өлшемдеріне сәйкес, өзара байланыста пациенттің жағдайын бағалауды өткізеді және «II амбулаторлық оңалту» көлемінде осы Стандартқа 5, 6, 7-қосымшаларға сәйкес «кардиология және кардиохирургия», «травматология және ортопедия», «неврология және нейрохирургия» бейіндері бойынша МО сәйкес тағайындайды.

34. МО бірінші, екінші және үшінші сатыларын аяқтаған пациенттерге халықаралық көлшемдерге сәйкес амбулаториялық деңгейде және «кардиология және кардиохирургия», «травматология және ортопедия», «неврология және нейрохирургия» бейімдері бойынша санаторийлерде «Қолдаушы оңалту» көлемімен осы Стандартқа 8, 9, 10-қосымшаларға сәйкес Қолдаушы оңалту еңбекке қабілеттілігін тұрақты жоғалтқан (мүгедектер) науқастарға жылына 1 рет тағайындалады.

35. Вегетативтік жағдайдағы пациенттерге паллиативті көмек қызметтері тағайындалады. Оңалту әлеуеті пайда болған жағдайда, халықаралық өлшемдерге сәйкес пациент МО үшінші немесе екінші кезеңіне беріледі.

7. Қазақстан Республикасының балаларына «кардиология және кардиохирургия», «травматология және ортопедия», «неврология және нейрохирургия» бейіндері бойынша медициналық оңалту көрсетуді ұйымдастыру

36. Балаларға МО көрсетуді ұйымдастыру балалардың жас ерекшеліктерімен анықталады және МТК жүзеге асырылады.

37. Жаңа туған нәрестелер мен 1 жасқа дейінгі балаларға МО көрсетуді стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымының бейінді бөлімшелерінде жалғастырумен реанимация бөлімшелерінде диагностика және емдеу хаттамаларына сәйкес жүзеге асырылады. Жағдайы тұрақтандырылғаннан кейін баланы МО-дың үшінші кезеңіне АЕҰ жалпы практика дәрігерінің (учаскелік дәрігер терапевт (педиатр)) немесе үйлестіруші-дәрігер бақылауына ауыстыру іске асырылады.

38. Қажеттілік болған кезде, диагнозды нақтылау мақсатында АЕҰ үйлестіруші дәрігер (жалпы практика дәрігері) медициналық ұйымның бейінді бөліміне диагностикалық және инструментальды-клиникалық зерттеулерді жүргізу үшін баланы бағыттайды.

39. Бір жасқа дейінгі балаларға МО жүргізу қажеттілігі АЕҰ үйлестіруші дәрігер немесе жалпы практика дәрігері (учаскелік дәрігер терапевтпен (педиатр)) халықаралық өлшемдерге сәйкес баланың ауырлық дәрежесі және БӘФ бұзылыстары анықтағаннан кейін анықталады:

«неврология и нейрохирургия» бейіні бойынша - Прехтл (Prechtl) және нервті-психикалық даму шкаласы (бұдан әрі - НПДШ);

«травматология и ортопедия» бейіні бойынша - Карновский индекстері, MRC scale, гониометрия мәліметтері;

«кардиология и кардиохирургия» бейіні бойынша - NYHA жіктеуші бойынша ФК сәйкес ЖЖ деңгейі, Lown индексі бойынша жүректік ритмнің өмірлік қауіпті бұзылушылығын бағалау.

40. 1 жасқа дейінге балаларға МО көрсету диагностикалау және емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

41. 1 жастан жоғары балалар жағдайының ауырлық дәрежесін бағалау мынадай халықаралық өлшемдермен анықталады:

1) «неврология и нейрохирургия» бейіні: 4 жасқа дейін - нервті-психикалық даму шкаласы, модификацияланған Бартел (Barthel) индексі; 4 жастан жоғары - WeeFim шкаласы, ASIA шкаласы; БСА балалары үшін қосымша мынадай шкалалар қолданылады: Ashworth; GMFCS; GMFM қарысушылық; MACs қолдарының жұмыс істеуі;

2) «травматология и ортопедия» бейіні - Бартел (Barthel), Карновский индекстері, гониометрия және MRC scale мәліметтері;

3) «кардиология и кардиохирургия» бейіні - NYHA жіктеуші бойынша ФК сәйкес ЖЖ деңгейі, Lown индексі бойынша жүректік ритмнің өмірлік қауіпті бұзылыстарын бағалау.

42. БӘФ бұзылушылықтарының одан әрі сақталуында және медициналық көрсетілімдер болғанда 1 жастан жоғары балаларға халықаралық өлшемдерге сәйкес бір жыл ішінде МО мынадай тәсіл бойынша тағайындалады:

Жағдайының ауыр және орташа ауырлық дәрежесі: қолдаушы оңалтудың 1 курсы «Қолдаушы оңалту» (ОАА, ААА, СА, РО күндізгі стационарлары, АЕҰ) көлемде және 1 курс - «Қайта оңалту» (МО бөлімі, РО, санаторийлер) көлемінде қайта оңалту;

Жағдайының жеңіл ауырлық дәрежесі: «Қолдаушы оңалту» (ОАА, ААА, СА, РО күндізгі стационарлары, АЕҰ) көлемінде «Қолдаушы оңалтудың» 1 курсы.

43. Бір жастан кейін сырқаттанған балаларға МО көрсету тәртібі үш негізгі, екі қосымша кезеңді қамтиды және халықаралық өлшемдерге сәйкес келесі көлемде жүзеге асырылады «Оңалту I», «Оңалту II А», «Оңалту II Б»; «Амбулаториялық оңалту I», «Амбулаториялық оңалту II»; «Қолдаушы оңалту»; «Қайта оңалту»:

1) оңалту I - сараптама комиссиясы мақұлдаған диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес, реанимация және қарқанды терапия бөлімшесінде немесе мамандандырылған бейінді бөлімшеде ұсынылады;

2) оңалту II А - сараптама комиссиясы мақұлдаған оңалту бойынша клиникалық хаттамаларға және осы Стандартқа 11, 12, 13-қосымшаларға сәйкес, БӘФ бұзылушылығы бар пациенттерге МТК-мен «кардиология және кардиохирургия», «травматология және ортопедия», «неврология және нейрохирургия» бейіндері бойынша халықаралық өлшемдерге сәйкес ұсынылады;

3) оңалту II Б - сараптама комиссиясы мақұлдаған оңалту бойынша клиникалық хаттамаларға және осы Стандартқа 14-қосымшасына сәйкес, БӘФ бұзылушылығы бар пациенттерге МДК-мен «неврология и нейрохирургия» бейіні бойынша халықаралық өлшемдерге сәйкес ұсынылады;

4) амбулаториялық оңалту І - сараптама комиссиясы мақұлдаған диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес АЕҰ-да ұсынылады;

5) амбулаториялық оңалту ІІ - сараптама комиссиясы мақұлдаған оңалту бойынша клиникалық хаттамаларға және осы Стандартқа 15, 16, 17-қосымшаларға сәйкес, БӘФ бұзылушылығы бар пациенттерге МТК-мен «кардиология және кардиохирургия», «травматология және ортопедия», «неврология және нейрохирургия» бейіндері бойынша халықаралық өлшемдерге сәйкес ұсынылады;

6) қолдаушы оңалту - сараптама комиссиясы мақұлдаған оңалту бойынша клиникалық хаттамаларға және осы Стандартқа 18, 19, 20-қосымшаларға сәйкес, БӘФ бұзушылығы бар пациенттерге МТК-мен «кардиология және кардиохирургия», «травматология және ортопедия», «неврология және нейрохирургия» бейіндері бойынша халықаралық өлшемдерге сәйкес ұсынылады;

7) қайта оңалту - сараптама комиссиясы мақұлдаған оңалту бойынша клиникалық хаттамаларға және осы Стандартқа 21, 22, 23-қосымшаларға сәйкес, БӘФ бұзушылығы бар пациенттерге МТК-мен «кардиология және кардиохирургия», «травматология және ортопедия», «неврология және нейрохирургия» бейіндері бойынша халықаралық өлшемдерге сәйкес ұсынылады;

44. МО балаларға БӘФ барынша қалпына келтірілуіне дейін жүргізіледі.

45. 1 жастан жоғары балаларға МО көрсету «травматология және ортопедия», «кардиология және кардиохирургия» бейіндері бойынша оңалту бойынша клиникалық хаттамаларға сәйкес жүргізіледі. Оңалту бойынша клиникалық хаттамаларға сәйкес «неврология және нейрохирургия» бейіні бойынша МО көрсету оңалту қызметтерінің тізбесі бойынша екі (қимылдатқыш және сөйлеу) негізгі және қосымша (мамандандырылған) бейін бойынша жүзеге асырылады.

46. Вегетативтік жағдайдағы балаларға паллиативті көмек қызметі тағайындалады. Ұйымда баланы күтім жасау кезінде оңалту әлеуеті пайда болған жағдайда, халықаралық өлшемдерге сәйкес пациент үшінші және екінші кезенді МО-ға бағытталады.

47. Күтім жасайтын тұлғаның көмегіне мұқтаж балалар МО көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 89-бабының 2-тармағына сәйкес, күтім жасайтын тұлғамен бірге емдеуге жатқызу туралы дәрігерлік консультативтік комиссияның қорытындысы бойынша бағытталады.

48. Өзіне және басқаға қатысты көңіл күйінің бұзылушылығы және агрессиялығы диагностикаланған балалар психиатриялық ауруханаларға (диспансерлерге) бағытталады.

Қазақстан Республикасының
халқына медициналық оңалту көрсетуді
ұйымдастыру стандартына
1-қосымша

Екінші кезең
«II А оңалту»
«Кардиология және кардиохирургия» бейіні (ересектер)

| р/с № | Нозологиялық нысан (АХЖ-Х бойынша коды) | Халықаралық өлшемі (БӘФ бұзылыстарының дәрежесі және (немесе) аурудың ауырлық дәрежесі) |
|-------|---|---|
| 1. | Миокард инфаркты (асқынған кезеңінде 2 айға дейін) I 21-I 22 | ЖЖ I-III ФК (НҮНА) |
| 2. | Стенокардия I 20.8 | Күш түсу стенокардиясы III ФК (НҮНА) |
| 3. | Жүрек және қан тамырларына операция жасағаннан кейін (2 айға дейін). Оң жақ және сол жақ қарыншаларда қан айналымды қолдайтын нақты қосалқы құрылғыны имплантациялау және жүректі ауыстырып салу бойынша операция жасағаннан кейін C 38.0; C 45.2; D 15.1; Q 21; S 26; Z 94.1; Z 95.1-4; Z 95.8 | ЖЖ I-III ФК (НҮНА) |
| 4. | Жүрек және қан тамырларына операция жасағаннан кейін (2 айға дейін) Z 95.0 | ЖЖ I-III ФК (НҮНА) |
| 5. | Жүрек және қан тамырларына операция жасағаннан кейін ауыр ағымда (2 айға дейін) Z 95.0 | ЖЖ I-III ФК (НҮНА) |
| 6. | Жүрек қақпашаларының ревматикалық ақаулары I 05-I 08 | ЖЖ II- I II ФК (НҮНА) |
| 7. | Кардиомиопатия I 42.0-5; I 42.7 | ЖЖ III ФК (НҮНА) |
| 8. | Бастапқы өкпелік гипертензия I 27.0. | ЖЖ I-III ФК (НҮНА) |

Қазақстан Республикасының
халқына медициналық оңалту көрсетуді
ұйымдастыру стандартына
2-қосымша

Екінші кезең
«II А оңалту»
«Травматология және ортопедия» бейіні (ересектер)

| р/с № | Нозологиялық нысан (АХЖ-Х бойынша коды) | Халықаралық өлшемі (БӘФ бұзылыстарының дәрежесі және (немесе) арудың ауырлық дәрежесі) |
|----------|--|--|
| 1. | Аяқ-қол сүйектер сынғаннан кейін S42; S52; S 72.0-9; S 82; T 92; T93; Z92.4 | Barthel Индексі > 45 ұпай MRC- scale - 2-3 ұпайдан жоғары Карновский Индексі - 40-60 ұпай Гониометрия - қалыпты жағдайда 30% кем емес |
| 2. | Буынды алмастыру операциясынан кейін M 15; M 16.0-7; M17.0-5; M 19; Z 92.4; T93.1 | Barthel Индексі > 45 ұпай MRC- scale - 2-3 ұпайдан жоғары Карновский Индексі - 40-60 ұпай Гониометрия - қалыпты жағдайда 30% кем емес |
| 3. | Омыртқа жотасының туа біткен және жүре пайда болған деформациялары және сынуы - S 22.0-1; S 32; M41.0-8 | Barthel Индексі > 45 ұпай MRC- scale - 2-3 ұпайдан жоғары Карновский Индексі - 40-60 ұпай |
| 4. | Буындарға артроскопиялық операция жасағаннан кейін M 23; S 83.2; S 83.4; S 83.5; S 83.7 | MRC- scale - 2-3 ұпайдан жоғары Гониометрия - қалыпты жағдайда 30% кем емес |

Қазақстан Республикасының
халқына медициналық оңалту көрсетуді
ұйымдастыру стандартына
3-қосымша

Екінші кезең
«II А оңалту»
«Неврология және нейрохирургия» бейіні (ересектер)

| p/c № | Нозологиялық нысан (АХЖ-Х бойынша коды) | Халықаралық өлшемі (БӘФ бұзылыстарының дәрежесі және (немесе) аурудың ауырлық дәрежесі) |
|----------|---|---|
| 1. | Жұлынның зақымдалуы С 41.2, 70.1, 72.0; D 16.6, 32.1, 33.4; G 04, 95.0-2, 99.2; M 43.1, 48.0, 50-51, 43.1, 48.0; S 14.0, 14.1, 24.0, 24.1, 34.0, 34.1, 34.3; T 09. | Параплегия, парапарез ASIA- D Barthel Индексі > 50 ұпайдан артық емес |
| 2. | Ота жасағаннан кейін D16.4; D16.6; D32.0; D32.1; D33.0; D33.1; D33.3;D33.4; D35.2; D35.3; D35.4; D35.5; D36.1; G93.0; G06.0; B67.9, B69.0; M42.0;M42.1; M50.0; M50.1;M51.0; M51.1; Q07.0; Q07.8; Q 28.2; Q 28.3; G06.1; G06.2; G95.0; I69.1; I69.3; G20, G91.0, G91.1,G91.2, G91.3 | Barthel Индексі > 35-60 ұпай Mini Mental тест - 11-30 ұпай |
| 3. | Бас сүйек-ми зақымынан, омырқа- жұлынды зақымынан және перифериялық жүйкенің және оның өрімдерінің зақымынан кейін T91.1;T91.3; T92.4; T93.4; T98.3; T90.1; T90.2; T90.3; T90.5; T90.8; G97.2 | Параплегия, парапарез ASIA- D Barthel Индексі > 50 ұпайдан артық емес |
| 4. | Бас сүйек-ми зақымы A 84-85, 87, 89; B 02.1- 2; D 32.0, 33.0, 33.1; G 00, 02.0, 03-04, 06.0, 10-13, 20, 21, 23, 60, 70-71, 93.0, 93.1; I 60- 64; S 06 | Barthel Индексі > 35-60 ұпай Mini Mental тест - 11-30 ұпай |

Қазақстан Республикасының
халқына медициналық оңалту көрсетуді
